

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 876 "Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу үшін қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 347 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 маусымда № 4245 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, сонымен қатар " Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Маңғыстау облысы әділет департаменті " республикалық мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 12 наурыздағы №05-10-591 ақпараттық хатының негізінде, Жаңаөзен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №876 "Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу үшін қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2919 болып тіркелген, 2015 жылғы 31 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Жаңаөзен қалалық тұрғын үй коммуналдық шарушылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі (А.Танатов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Б. Изғалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаөзен қаласы әкімі

М. Ибагаров